

ПРОФЕССОР МАДИЯР ЕЛЕУОВ 75 жаста**© 2021 ж. Ақымбек Ералы Шардарбекулы¹**

¹доктор PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Алматы. E-mail: eraly_a@mail.ru

Аннотация. Мақалада Мадияр Елеуовтың археолог және ұстаз ретіндегі кәсіби қызметі қарастырылады. 1970 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне түскеннен бастап орта ғасырлар археология саласы бойынша ескерткіштерді зерттеумен айналысып келеді. Университет қабырғасында ұстаздық етіп жүріп, осындағы археологиялық экспедициясының барлау тобына жетекшілік етіп, нәтижесінде Шу-Талас өңірлері, Қаратаудың баурайы, Сырдарияның орта және төменгі ағыстарында орналасқан, бұрын белгісіз болып келген қола дәуірі, темір ғасыры мен орта ғасырлардың көптеген жерлеу және қоныстық ескерткіштерін ашып, ғылыми айналымға енгізді. ҚазҰУ, ЕҰУ және ХҚТУ-да оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, ғылыми-зерттеу орталығының директоры бола жүріп, экспедициялардың жетекшісі ретінде орта ғасырларда астаналық қалалар болған Ақтөбе, Меркі, Тараз, Төрткүлтөбе, Күлтөбе, Қарашық, Сауран, Қышқала және т.б. ескерткіштерге кешенді зерттеулер, Ұлы Жібек жолының бағыты мен тармақтарын анықтауда көптеген жұмыстар жүргізді. М. Елеуұлы Қазақстанның орта ғасыр археологиясының дамуына айтарлықтай үлес қосқан білікті маман болса, шәкірттерге дәріс беруде ұлағатты ұстаз. Ғылыми еңбектері негізінен Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениеті мен Ұлы Жібек жолы, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мәселелеріне арналған.

Түйін сөздер: археология, М. Елеуов, университет, студент, ұстаз, ғылым, экспедиция, барлау, қазба, орта ғасырлар, қалалар мен елді мекендер

ПРОФЕССОРУ МАДИЯРУ ЕЛЕУОВУ 75 лет**Ақымбек Ералы Шардарбекулы¹**

¹доктор PhD, ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан. E-mail: eraly_a@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается профессиональная деятельность Мадияра Елеуова, как археолога и педагога. С момента поступления в 1970 г. в Казахский государственный университет он занимается изучением памятников средневековой археологии. В период преподавания в университете он руководил разведочной группой археологов данного учебного заведения. В результате исследований он обнаружил и ввел в научный оборот сведения о множестве ранее неизвестных памятников эпохи бронзы, раннего железа и средневековья, расположенных в Шу-Таласском районе, на склонах Каратау, Среднем и Нижнем течении Сырдарьи. Будучи преподавателем в КазНУ, ЕНУ и ИКТУ, доцентом, профессором, заведующей кафедрой, директором научно-исследовательского центра он руководил экспедициями и провел комплексное изучение средневековых городов-столиц: Актөбе, Мерке, Тараз, Төрткүлтөбе, Күлтөбе, Карачик, Сауран, Қышқала и др.; провел огромную работу по определению основного направления и ответвлений Великого шелкового пути. М. Елеуов – квалифицированный специалист, внесший значительный вклад в развитие средневековой археологии в Казахстане, также отличный наставник в обучении учеников (последователей). В основном его научные труды посвящены проблемам средневековой городской культуры Казахстана и Великого Шелкового пути, проблемам охраны памятников истории и культуры.

Ключевые слова: археология, М. Елеуов, университет, студент, преподаватель, наука, экспедиция, разведка, раскопки, средневековье, городища и поселения

PROFESSOR MADIYAR YELEUOV is 75 years old

Akymbek Yeraly¹

¹PhD, Leading Researcher, A.Kh. Margulan Archeology Institute, Almaty, Kazakhstan. E-mail: eraly_a@mail.ru

Abstract. The article examines the professional life of Madiyar Yeleuov, the years of his pedagogical activity, as well as his activities as a scientist. Since entering the Kazakh State University in 1970, he has been studying sites and monuments of the medieval archaeology. While teaching at the university, he led the exploration group of the archaeological expedition of the university. As a result of research, he discovered and introduced into scientific circulation information about many previously unknown burial grounds and settlements of the Bronze Age, early Iron Age and Middle Ages located in the Shu-Talas region, on the slopes of Karatau, Middle and Lower Reaches of the Syr Darya River. Being a professor in the Kazakh National University, Eurasian National University, Kazakh-Turkic University, the associate professor, head of department, the director of research center, he directed expeditions and carried out complex studying of the medieval capitals such as Aktobe, Merke, Taraz, Tortkultobe, Kultobe, Karachik, Sauran, Kyskala and other sites, carried out a huge work to determine the main direction and branches of the Great Silk Road. M. Yeleuov is a qualified specialist who has made a significant contribution into the development of medieval archaeology in Kazakhstan, as well as an excellent mentor in teaching students (followers). His scientific works are mainly devoted to the problems of the medieval urban culture of Kazakhstan and the Great Silk Road, problems of the protection of historical and cultural sites and monuments.

Keywords: archaeology, M. Yeleuov, university, student, teacher, science, expedition, exploration, excavation, Middle Ages, towns and settlements

Отанының өткен тарихына қызығушылығы, зерттеуге деген ерік-жігері жоғары, ақылына парасаты сай білімпаз шәкірт қана «археолог» бола алады деп жиі айтатын және осындай жолды жүріп өткен, бар ғұмырын археологияға арнап келе жатқан профессор Мадияр Елеуұлы бүгінде 75 жасқа толып отыр.

Мадияр Елеуұлы Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы Еңбекші ауылында 1946 жылы 3 мамырда дүниеге келеді. 1961 ж. ауылындағы 7 жылдық мектепті, 1965 ж. Шиелідегі № 147 орта мектепті бітіреді.

Жастайынан ата-анасынан қазақтың халық ертегілерін, қызыққа толы аңыз-әңгімелерін тыңдап, пілте шамның жарығымен батырлар жыры мен тарихи дастандарды оқып өскен жас Мадияр Елеуовте, өзі жиі айтып жүретін, 4-сыныптан бастап тарихшы болсам деген арман болады.

Мектепті бітіргеннен кейін, өзі туып өскен ауылда қызмет жолын бастайды. Араға бір жыл салып, 1966–1969 жылдары әскери қызметке алынып, КСРО әскери-теңіз флотында борышын өтейді. 1970 ж. өзі армандаған С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атынд. ҚазҰУ) тарих факультетіне оқуға түседі.

Оқудың бірінші жылын аяқтағаннан кейін, тарих факультетінде «Археология және этнография» кафедрасы ашылады. Кафедраның меңгерушілігіне Ленинград мемлекеттік университетінің түлегі Ә.М. Оразбаев тағайындалады. Кәсіби археолог – Ә.М. Оразбаев өзі оқыған жерінен және басқа да қалалардан, сол кезде КСРО-ға танымал білікті маман-археолог, профессорларды: М.П. Грязнов, С.С. Черников, Ю.А. Заднепровский

және т.б. университетке дәріс оқуға шақыртады. Сонымен қатар, Отандық белгілі археологтар мен этнографтар К.А. Ақышев, Х.А. Арғынбаев, Т.Н. Сенигова, Х.А. Алпысбаев, антрополог О. Смағұлов студенттермен бірнеше кездесулер өткізіп, өздері зерттеу жүргізіп жүрген мәселелер мен Қазақстан тарихына қатысты қызықты мәліметтер бойынша дәрістер өткізеді. Осы оқылған дәрістер болашақ археолог және этнограф мамандарға әсер етпей қоймады. Бұл дәрістер М. Елеуовтің «тарихшы» боламын деген арманын жетелеп, болашақ мамандық бағытын «археологияға» бұруына алып келді.

1973 ж. Археология және этнография кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалған тарих ғылымдарының докторы, профессор У.Х. Шәлекенов кафедраның ары қарай қалыптасып, археология және этнология мамандығы бойынша білімді шәкірттер дайындауға атсалысады. У.Х. Шәлекенов бірқатар мамандарды студенттерге сабақ беру үшін шақыртады. Осы жылдарда кафедраға ежелгі дәуір археологиясының белді маманы А.С. Загородний және Ташкент университетінің түлегі Н.О. Алдабергенов келеді.

М. Елеуов алғашқы зерттеу жұмыстарын 1973 ж. рухани астанамыз Түркістан қаласындағы Түркістан археологиялық экспедициясының құрамында ортағасырлық Түркістан қаласы орнында жүргізіліп жатқан қазбадан бастайды. Сол кездегі экспедиция жетекшісі белгілі археолог, тарих ғылымдарының кандидаты Таисия Николаевна Сенигованың басшылығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Түркістанда қазба жұмыстары жүргізіледі. Жас мамандық экспедиция жетекшісі



Сур. 1. Профессор Мадияр Елеуов, 2021 ж. Фото М. Елеуовтың отбасылық архивінен

Fig. 1. Professor Madiyar Yeleuov, 2021. Photo from M. Yeleuov's family archive

ежелгі Күлтөбе қаласындағы қазбаға қойып, өзі ақыл-кеңесін беріп тұрады. Одан кейін 1972 ж. басталған «Есім ханның кесенесі» деп аталатын орындағы қазбаны жалғастыруды тапсырады. Нәтижесінде жоспары бойынша төртбұрышты, қабырғалары қыш кесектен қаланған кесененің қалдығы ашылады. Осы қазба жұмыстары М. Елеуовтің алғашқы қазба жұмыстарының бірі болып, қазба жүргізудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгерудің арқасында, жас маман-студенттен білікті-студентке дейінгі сатыны бір далалық маусымда жүріп өтеді.

Профессор У.Х. Шәлекеновтың тікелей атсалысуымен 1974 ж. Қазақ университеті тарих факультетінің студенттері археологиялық-этнографиялық практика өтетін база-

сы Жамбыл облысы Шу ауданында орналасқан ортағасырлық Ақтөбе қаласы аумағында салынады. Ақтөбе ескерткішінен ашылған осы база болашақ маман – М. Елеуовтің де ғылым жолына, яғни археологияда түбегейлі қалуына себеп болды.

1975 ж. университетті үздік дипломға бітірген М. Елеуұлы Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің жолдамасымен Қызылорда облыстық мәдениет басқармасына жұмысқа жіберіліп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне аға ғылыми қызметкер болып қабылданады. Музейде бір жыл бойы жақсы қызмет етіп, өзінің іскерлігімен көзге түскенімен, жастайынан археолог боламын деген арманы оны өзінің оқыған ордасы, ұшқан ұясы ҚазМУ-ге қайта оралуына алып келді.

1976–1996 жылдар аралығында ҚазМУ-дің Археология және этнография кафедрасында лаборант, аға инженер, ассистент, аға оқытушы, доцент қызметінде болған М. Елеуұлы өзін үлгілі ұстаз, білікті маман ретінде көрсете білді. Ол 1989 ж. университет бойынша алғашқы болып Тарих факультетінде «Қазақ тілі» қоғамын ұйымдастырады. «Қазақ тілі» қоғамының алдында тұрған негізгі міндет – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру болған еді. Сол жылы тарих факультетінің «Қазақ тілі» қоғамы университетке Шығыстың ұлы ойшылы, «Әлемнің екінші ұстазы», философ әл-Фарабидің атын беру жөнінде ұсыныс жасайды. Арада көп жыл салмай университетке әл-Фарабидің есімі беріледі.

М. Елеуұлы Археология және этнография кафедрасында сабақ бере жүріп, студенттердің ғылыми-зерттеу тобының ғылыми жетекшісі болды. Осы топтың құрамында болған сту-

денттер далалық маусымда Университет археологиялық экспедициясы барлау тобының (жетекшісі М. Елеуов) жұмыстарына белсене араласады. Барлау тобы Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында көптеген ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді ашып, тізімге алып, ондаған ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізеді. Далалық зерттеу жұмыстарының зерттеу әдістерімен жете танысқан, тәжірибе жинаған осы топтың құрамында болған студенттердің бірқатары бүгінде еліміздің белгілі университеттерінде, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарында қызмет етіп жатыр.

Университет археологиялық экспедиция құрамында далалық зерттеу жұмыстарының басында жүрген М. Елеуұлы Шу, Талас өңірлерінде, Қаратауда, Сырдария өзенінің орта ағысында барлау жұмыстарын жүргізеді. Зерттеулердің барысында Жамбыл облысының Қордай, Шу, Мерке, Т. Рысқұлов (Бұрынғы Луговой), Байзақ, Талас, Сарысу, Түркістан облысының Созақ, Түркістан және Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі аудандарында ғылымға белгісіз болып келген, есепке алынбаған көптеген ескерткіштерді есепке алады. Ғылыми-зерттеу тақырыбын таңдауға түрткі болған Шу өңірінде орналасқан ортағасырлық Ақтөбе қаласын зерттеуге бірнеше жылын арнайды. Экспедиция жетекшісі У.Х. Шәлекенов және әріптесі әрі ұстазы Н.О. Алдабергеновпен бірге қаланың тарихи-топографиялық құрылымын зерттеп, қала орталығы болған цитадельдегі құрылыстарды ашуда қазба жұмыстарын жүргізсе, қаланың өмір сүрген жасын анықтау бойынша цитадель мен шахристанда стратиграфиялық қазба жұмыстарын

жүргізіп, қаланы VI–XIII ғ. басы аралығына жатқызады. Цитадельдегі құрылыс орындарын, атап айтсақ тұрғын бөлме, шаруашылық бөлме, монша және еденіне қыш кірпіш төселген алаң орындарын ашудағы М. Елеуұлының үлесі үлкен.

1982–1983 жылдарда М. Елеуұлы басқарған барлау тобы Шу мен Талас өзендерінің жоғарғы ағысында Қырғыз КСР жерінде орналасқан ұзын қорғанды Бурана, Ақсу, Садырқорған қалаларында қазба жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, бірқатар қалалардың тарихи-топографиясын зерттейді.

1983 жылы М. Елеуұлы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің археология кафедрасы мен Археология институтының Ленинград бөлімінде білімін жетілдіру курсына болып, КСРО археологиясының атақты ғалымдары Д.А. Авду-

син, Л.Р. Кызласов, Г.А. Федоров-Давыдов, В.Л. Янин, В.Л. Воронина, Ю.А. Заднепровскийдің дәрістерін тыңдайды.

1996–1999 жылдарда әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың археология және этнология кафедрасының докторанты бола жүріп, 1996 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанынан Археология және этнография институтын ашуға белсене араласады. 1996–1997 жылдарда осы институттың директоры З.Қ. Исабековтің ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Осы жылдары М. Елеуұлының ұсынысы бойынша «Археология жаңалықтары» журналы шыға бастайды. Институттың археологиялық экспедициясы құрылып, Қ.А. Ясауи кесенесінде, ежелгі Күлтөбе қаласында стратиграфиялық қазба жұмыстары жүргізіледі.



Сур. 2. М. Елеуов ортағасырлық Меркі қаласындағы қазбада, 2015 ж.
 Фото М. Елеуовтың отбасылық архивінен

Fig. 2. M. Yeleuov during the excavations of the medieval city of Merke, 2015.
 Photo from M. Yeleuov's family archive

1974–1999 жылдар аралығында Шу-Талас өңірлері мен Қаратаудың солтүстік беткейінде жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстарынан қордаланған материалдар негізінде М. Елеуұлы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының жанындағы ғылыми кеңесте 07.00.06 – Археология мамандығы бойынша «Шу өңірінің ортағасырлық қалалық мәдениеті (VI–XIII ғ. басы) тақырыбында 1991 ж. кандидаттық, «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендері (VI–XIII ғ. басы)» тақырыбында 1999 ж. докторлық диссертациясын қорғайды.

1999 ж. докторантураны аяқтаған соң М. Елеуұлы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Тарих факультетінен ашылған «Археология және этнология» кафедрасының меңгеруші бо-

лып тағайындалады. 2000 ж. тарих факультетінің студенттері археология-этнографиялық практикаларын Нұра өзенінің жағасындағы Бытығай (Ботағай) елді мекенінде өткізеді. Кафедраның жанынан «Сарыарқа археологиялық экспедициясын» ұйымдастырып, Ақмола облысының Атбасар, Жарқайың, Қима, Жақсы, Қорғалжын аудандарында, ал экспедицияның барлау тобы Жамбыл облысының Байзақ, Шу, Мойынқұм аудандарында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

2001 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Археология, этнология және музей ісі» кафедрасына меңгеруші болып ауысады.

2002–2008 жылдарда Қ.А. Ясауи университетінің жанындағы Археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметін



Сур. 3. М. Елеуовтың Хантаудағы Қазақ хандығының ескерткіштерін іздестіру кезі, 2015 ж. Фото М. Елеуовтың отбасылық архивінен

Fig. 3. Survey of sites of the Kazakh Khanate period in Khantau Mountains by M. Yeleuov. 2015. Photo from M. Yeleuov's family archive

атқарып, Тұран археологиялық экспедициясын ұйымдастырып, Қаратау мен Сырдарияның орта ағысында кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізеді. М. Елеуовтың жетекшілігімен жүргізілген археологиялық барлау жұмыстарының барысында бұрын есепке алынбаған, осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз болып келген 2000-нан астам археологиялық ескерткіштер ашып, зерттелді. Қызылорда облысының Шиелі, Жаңақорған, Түркістан облысының Түркістан, Бәйдібек, Түлкібас, Созақ, Жамбыл облысының Жуалы, Жамбыл, Талас, Сарысу аудандарының Қаратау мен Сырдың орта ағысында орналасқан ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің саны анықталып, олардың тарихи-топографиялық құрылымдары қайта зерттелді. Ұлы Жібек жолының Шу, Талас өңірлері мен Қаратау арқылы Шашқа өткен тармағы, онымен байланысты ежелгі ортағасырлық Шу жолы, Хан жолы, Телікөл жолы, Ұлы жол (Көсегенің көк жолы) жолы, Сырдария өзенін жағалап жүрген жолдар және Қаратаудан асатын 20-ға жуық жолдардың бағыттары анықталды. Осы жылдар аралығында тарихи-мәдени ескерткіштердің жинағын даярлау, оларды жарыққа шығаруда бірқатар жұмыстар атқарды.

2008 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры болып қызмет етіп келеді.

2008 жылдан бастап М. Елеуов бүгінгі күнде дейін ҚР БҒМ және ҚР МСМ-тің қаржыландыруымен жүргізілген көптеген ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшісі болып келеді. Ғылыми-зерттеу жобалары бойынша Шу-Талас өңірлері, Қаратаудың баурайы мен Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалары мен елді мекендеріне археологиялық барлау және қазба жұмыстарын жүргізіп, ортағасырлық ескерткіштердің пайда болуы, дамуы, құлдырауы, өмір сүрген уақыты, материалдық және рухани мәдениеті, қала салу құрылысы, архитектурасы, қорғанысы, суландыруы, шаруашылығы мен қолөнері және тағыда басқа мәселелері туралы мәліметтер алып, жарыққа шығарды.

Профессор М. Елеуов 600-ден астам ғылыми мақалалардың, бірнеше монографиялық еңбектердің, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Мадияр Елеуұлы Қазақстан археология ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосып, орта ғасырлар археологиясы, оның ішінде қалалық мәдениет пен Ұлы Жібек жолы және оның тармақтарын зерттеуде үлкен еңбектер атқарған білікті маман, кәсіпқой археолог болса, университеттер қабырғасында үздіксіз дәріс оқып келе жатқан ұлағатты ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.